



## БҰЙРЫҚ

## ПРИКАЗ

*А.Б. 12. 2020 ж.*

Алматы қ.

№ *1/04-19011*

г. Алматы

### Этикалық комиссияны құру туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» республикалық мемлекеттік мекемесі Ғылыми кеңесінің 2019 жылдың 25 сәуіріндегі (хаттама № 9) шешімімен бекітілген Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі «Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» республикалық мемлекеттік мекемесінің әдеп нормалары кодексті негізге ала отырып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 126 бұйрығымен бекітілген Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережесінің 3-тарау, 20-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2020-2021 оқу жылына Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» республикалық мемлекеттік мекемесінің жанында ғылыми зерттеулерге сыналұшы ретінде тартылған адамдардың құқықтары мен қадір-қасиетін қорғау, мәлімделген ғылыми-зерттеу жұмыстарының этикалық аспектілерін қарастыру және қауіпсіздік кепілдігін қамтамасыз ету мақсатында Этикалық комиссия келесі /бұдан әрі - Комиссия/ құрамда құрылсын:

#### Этикалық комиссияның төрағасы:

Халыков Қабыл Заманбекович – ф.ғ.д., ғылыми жұмыс жөніндегі проректор.

#### Этикалық комиссияның мүшелері:

Алимжанова Алия Шарабековна – ф.ғ.к., Қазақстан тарихы және әлеуметтік ғылымдар кафедрасының меңгерушісі;

Кайранов Ербол Бахарамович – философия докторы (PhD), көркемсурет кафедрасының доценті;

Жаксылыкова Меруерт Болатканкызы – ө.к., өнертану факультетінің деканы;

Карамолдаева Дана Омаржановна – п.ғ.к., музыкалық театр кафедрасының меңгерушісі;

Казыбекова Жайдаргуль Алмасовна – ө.к., дәстүрлі музыкалық өнер кафедрасының аға оқытушысы;



Николаева Людмила Анатольевна – п.ғ.к., балетмейстерлік өнер кафедрасының доценті;

**Этикалық комиссияның хатшысы:**

Анетбаева Гульжиян Джумабаевна – жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімінің әдіскері.

2. Этикалық комиссияның төрағасы этикалық комиссияның қызметіне басшылық жасауға және оның жұмысын ұйымдастыруға, этикалық комиссияның отырысымен қабылданған шешімдер бойынша ұсыныс жасауға, этикалық комиссияның отырысымен қабылданған барлық құжаттарға қол қоюға міндетті.

3. Этикалық комиссия:

1) сыналушы ретіндегі адамдардың қатысуымен зерттеу жүргізу барысында халықаралық және ұлттық стандарттарға сәйкес этикалық талаптардың сақталуы тұрғысынан ғылыми-зерттеу жұмыстарының құжаттарына тәуелсіз сараптамалық бағалау жүргізуге;

2) зерттеуді жоспарлау және жүргізу кезеңіндегі субъектілерге қатысты қауіпсіздік пен адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын сақтауға, адам құқықтары саласындағы халықаралық нормаларға сәйкес (өмір сүру және адамның қадір-қасиетін, жеке өмірін құрметтеу, ақпарат алу құқығы), сондай-ақ азаматтық құқықтар (медициналық көмек алу және одан бас тарту, негізделген келісім) сақтауды тәуелсіз және объективті бағалауға;

3) ғылыми өмірбаяны негізінде зерттеушілердің біліктілігіне сәйкестігін бағалауға құқылы.

4. Этикалық комиссия жұмысы нәтижесінде зерттеу объектілерінің (жанды табиғат пен тіршілік ортасының объектілері) құқықтарын, қауіпсіздігі мен саулығын қорғауды қоса алғанда, ғылыми-зерттеу нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату процесіндегі бұзушылықтардың болмауы туралы қорытындысын ресімдеп комиссия төрағасы және барлық қатысқан комиссия мүшелері қол қоюға міндетті.

5. Этикалық комиссияның өкілеттік мерзімі 2021 жылдың 31 тамызына дейін айқындалсын.

6. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Негіздеме: жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімінің басшысы К.Жанысбаеваның қызметтік хаты.

Ректор



А.Абдуалиев

*Handwritten signature*